



№16 (8220)  
23 сәуір  
БЕЙСЕНБІ,  
2026 ЖЫЛ



Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

# Кен Жылой

www.facebook.com/kenzhylol  
ken\_jyloi\_gazeti

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады

\* Инфрақұрылым

## ЖАҢАРУ МЕН ДАМУ БЕЛЕСІ

Кезкерген қауымға Жылыой жері жаңару мен жаңғырудың нақты үлгісіне айналғандай. Әсіресе аудан орталығы Құлсарыдай жас қаламыз табиғи сынақтардан сүрінбей өтіп, қайта түлеп, жаңа даму кезеңіне қадам басты. Осыдан 2 жыл бұрынғы көктемгі су тасқыны аудан үшін үлкен сынақ болғанымен дәл осы қиындықтар оның қайта тұруына, кешегіден мықты болуына серпін берді деуге болады.

➤ 2-БЕТ



\* Білім

## «5 МИНУТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ»

Ауданда облыстық прокуратураның «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында «5 минуттық құндылық» жобасы жүзеге асып келеді. Білім беру кеңістігіне өзгеріс әкелген іс биыл қаңтар айында басталып, жыл соңына дейін жалғаспақ. Мектеп оқушыларының зейінін кеңейтіп, түрлі тақырыпта ақпарат алмасуына септігін тигізетін жоба 1-11 сынып аралығын толық қамтып келеді. Бүгінде жоба облыс бойынша 235 мектеп пен 150 мыңнан астам оқушыны қамтып отыр. Мұның ішінде ауданымыздағы 20 мектепте бұл бастама жүйелі түрде жүзеге асырылып, білім ордаларындағы тәрбие жұмысының жаңа форматына айналды.



Басты мақсат – жас ұрпақтың бойында саналы ой қалыптастыру, оларды қоғамға пайдалы, үлгілі азамат етіп тәрбиелеу. Сондай-ақ «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында барлық оқушыға негізгі адами құндылықтарды түсіндіру. Бұл құқықтық сауаттылықты арттыру ғана емес, сонымен қатар, оқушылардың өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталған кешенді жұмыс. Күнделікті оқу процесінде осы тұжырымдамаға негізделген қысқаша ақпаратты талқылау арқылы мектеп қабырғасында біртекті, жүйелі идеология қалыптасуда.

Бүгінде жоба оқу жылының соңына дейін жалғасып, жалпы ұзақтығы 17 аптаны құрайды. Оқу материалдары оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай бейімделген: бастауыш сынып, орта буын және жоғары сынып оқушыларына арналған арнайы мазмұн әзірленген. Бұл тәсіл әр жастағы баланың қабылдау деңгейіне сай ақпарат ұсынуға

мүмкіндік береді. Сабақтардың өту форматы да ерекше. Мектеп басшысы немесе сынып жетекші әр сабақтың 5 минут уақытын пайдалы ақпаратқа арнап, оқушылардың бір күндік 25 минут уақытын осылайша тиімді өткізуге жұмыстануда. Дәстүрлі дәріс форматынан бөлек, әңгімелесу, өмірлік жағдайларды көрсету және пікір алмасу тәсілдері кеңінен қолданылады. Мұндай интерактивті әдістер оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың ой еркіндігін дамытуға ықпал етеді.

Айта кету керек, мұғалімдер әр сабақты өз пәндерінің ерекшелігіне қарай бейімдеп өткізеді. Бұл – жобаның тиімділігін арттыратын маңызды факторлардың бірі. Ал өткізілген сабақтар сынып сағаттарында қорытындыланып, оқушылардың ой-пікірлері сараланады.

Д.ІЗБАСАРҚЫЗЫ

\* Партия пәрмені



## ХАЛЫҚПЕН АШЫҚ ДИАЛОГ

«Ауыл» партиясының Атырау облысы бойынша өкілдері өңірлік жұмыс сапары аясында ауданға қарасты Шоқпартоғай және Тұрғызба ауылдарында халықпен кездесу өткізді. Іссапардың басты мақсаты ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайымен танысу, олардың өзекті мәселелерін тыңдау және шешу жолдарын нақты қарастыру болды.

Кездесуге «Ауыл» партиясының облыстық филиал төрағасы Нұртас Жарылғасынұлы, облыстық мәслихат депутаты Қадырбек Тілегенұлы және аудан әкімінің орынбасары Ерлан Нұрланұлы қатысты. Қара Арна ауылдық округінде бастау алған жиынды аудан әкімінің орынбасары жүргізіп, жергілікті халықпен ашық диалог орнатты.

Кездесуде тұрғындар ауылдың тыныс-тіршілігіне қатысты өздерін толғандырған мәселелерді ортаға салып, ұсыныс-пікірлерін білдірді. Әсіресе, Жем өзенінен көктемгі су тасқыны кезінде келетін суды тиімді пайдалану мәселесі кеңінен талқыланды. Ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтары үшін бұл судың маңызы зор екені айтылып, оны басқару және бағыттау тетіктерін жетілдіру қажеттігі көтерілді. Сонымен қатар көктемгі тасқын судың алдын алу, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және инфрақұрылымды жақсарту мәселелері де назардан тыс қалған жоқ.

Жиын барысында «Ауыл» партиясының 2025 жылы атқарған жұмыстары мен алдағы жоспарлары таныстырылды. Партияның негізгі бағыттары, ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталған бастамалары және қол жеткізген жетістіктері жан-жақты баяндалды. Сондай-ақ мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау шаралары, оның ішінде ауыл кәсіпкерлері мен шаруаларға арналған жеңілдетілген несие бағдарламалары туралы кеңінен ақпарат берілді. Облыстық мәслихат депутаты Қадырбек Тілегенұлы өз сөзінде мәслихат деңгейінде көтерілген

мәселелер мен олардың шешілу барысына тоқталды. Ол ауыл тұрғындары тарапынан түскен ұсыныстардың ескерусіз қалмайтынын атап өтіп, нақты нәтижелерге қол жеткізу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын жеткізді. Кездесу соңында ауыл тұрғындары белсенділік танытып, түрлі сауалдарын қойып, өз ұсыныстарын ашық жеткізді. Партия өкілдері әрбір сұраққа нақты жауап беріп, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстардың жоспарын таныстырды. Жұмыс сапары одан әрі Тұрғызба ауылында жалғасып, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты маңызды мәселелер талқыланды. Кездесу барысында «Ауыл» партиясының құрылымы, негізгі мақсат-міндеттері және ауылды дамытуға бағытталған жобалары таныстырылды. Тұрғызба ауылының тұрғындары да өздерін толғандырған бірқатар мәселелерді көтерді. Олардың қатарында инфрақұрылымды жақсарту, жұмыс орындарын ашу, ауыл шаруашылығын қолдау және әлеуметтік нысандардың жағдайын жақсарту мәселелері бар. Аталған сұрақтарға партия төрағасы Нұртас Жарылғасынұлы, депутат Қадырбек Тілегенұлы және аудан әкімінің орынбасары тарапынан жан-жақты жауаптар беріліп, нақты шаралар қолға алынатыны айтылды.

Нұртас Жарылғасынұлы өз сөзінде халықпен ашық диалогтың маңыздылығына ерекше тоқталды. Оның айтуынша, тікелей жүздесу ауылдағы нақты жағдайды терең түсінуге және түйкілді мәселелерді дер кезінде шешуге мүмкіндік береді.

А.ТАЛАШКЕВ

\* Баспасөз - 2026

## Кен Жылой

ІІ жартыжылдыққа баспасөзге пошта бөлімі арқылы жазылу науқаны басталды

- \* Ауданға қатысты жаңалықтар
- \* Өзекті мақалалар, сұхбаттар
- \* Жарнамалар



Индекс: 65583



Пошта арқылы: жеке тұлға - 2384,72 тг. Заңды тұлға - 5466,76 тг

Баламалы негізде: 8 айға - 2290 тг. Пошта арқылы: 8 айға - 3210,20 тг

"Кен Жылой" газетіне баламалы түрде төмендегі нөмір арқылы жазыла аласыз: 8-701 413 95 22